



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі
Қазақстан егеменді рейтингті көтерді

2024 жыл, 9 қыркүйек

9 қыркүйекте Moody's рейтингтік агенттігі **Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингін «Баа1» деңгейіне көтерді, болжам – «тұрақты»** (2023 жылғы рейтинг көрсеткіші – Баа2, болжам – «позитивті»).

Рейтингті арттыру бойынша шешім Қазақстан экономикасын әртараптандырудың оң динамикасымен ұштастыра отырып, мемлекеттік басқаруды, институционалдық және саяси негіздерді жетілдіруге негізделген. Бұл сыртқы күйзелістерге төзімділікті және несиелік қабілетті арттыруға ықпал етеді.

Moody's рейтингтік агенттігі көмірсутектерге тәуелділіктің айтарлықтай төмендегенін, сондай-ақ көлік-логистика саласының, өңдеу өнеркәсібінің және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамығанын атап өтті.

Тұрақты болжам тәуекелдердің теңдестірілген деңгейін көрсетеді. Moody's сарапшылары инвестициялық тартымдылықты арттыру және экономиканы әртараптандыру үшін одан әрі экономикалық және институционалдық реформалардың маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл ретте ұзақмерзімді экономикалық перспективалар үшін қауіп факторлары ретінде өңірдегі геосаяси жағдайдың ықтимал нашарлауы, қайталама санкциялар ықтималдығы байқалады.

Едәуір фискалдық резервтер – Ұлттық қордың активтері экономикалық күйзеліс кезеңдерінде бюджеттік икемділікті қамтамасыз ете отырып, фискалдық тұрақтылыққа ықпал етуді жалғастыруда.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты келесі телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz